ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ
(қарар бөлігі)

2025 жылғы 11 қыркүйек №1513-25-00-2/2161 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья С.Е.Мукашева, электрондық азаматық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ГД 2015» құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ГД 2015» құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «ГД 2015» құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджетке 1966 (мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер «ГД 2015» құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 11.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 24.10.2025, судья Мукашева С. Е., 28.10.2025
1513-25-3-1/2872

Судья С.Е.Мукашева

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 11.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 24.10.2025, судья Мукашева С. Е., 28.10.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»